



«Bolashaq» Академиясы

Сапа менеджменті жүйесі
Ғылым және халықаралық байланыс
басқармасының Ережесі

СМЖ Ж ҒЖХББ 123-2021

Нұсқа 01

Дата 2025.08.29.

Бет 1 - 9

БЕКІТЕМІН

«Bolashaq» Академиясының Ректоры

Қ.Б.Аданов

20 25 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Ғылым және халықаралық байланыс басқармасының («Bolashaq»
Академиясының ҒЖХББ)

ЕРЕЖЕСІ

СМЖ Ж ҒЖХББ 123-2025

№ 1 дана

2 көшірме

Қарағанды, 2025

1 ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ: ҒЖХБ жөніндегі проректор жұмыс тобымен (ЖТ) бірлесіп
ЖТ басшысы – Асакаева Д.С.

2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ: «Bolashaq» Академиясының Ғылыми кеңесі

3 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

- ҒЖХБ жөніндегі проректор – Асакаева Д.С.
- ҒЖХББ басшысы – Хасенов Б.Р.
- ғылыми қызметкер – Тұрғанбай М.Д.
- маман – Смагулова Г.С.

4 ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ - 1 жыл

5 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ: СМЖ Ж ҒЖХББ-2025

Осы Ереже «Bolashaq» Академиясы» ЖМ ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және таратылмайды.



BOLASHAQ
ACADEMY

«Bolashaq» Академиясы

Сапа менеджменті жүйесі
Ғылым және халықаралық байланыс
басқармасының Ережесі

СМЖ Ж ҒжХББ 123-2021

Нұсқа 01

Дата 2025.08.29.

Бет 3 - 9

Мазмұны

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС БАСҚАРМАСЫНЫҢ МИССИЯСЫ

.....	Ошибка! Закладка не определена.
1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....	Ошибка! Закладка не определена.
2. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	Ошибка! Закладка не определена.
3. ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ШТАТ БІРЛІКТЕРІ.....	Ошибка! Закладка не определена.
4. НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ.....	5
5. ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.....	Ошибка! Закладка не определена.
6. ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	Ошибка! Закладка не определена.
7. ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ.....	Ошибка! Закладка не определена.
8. САҚТАУ ЖӘНЕ ӨЗГЕРТУ.....	Ошибка! Закладка не определена.
А қосымшасы.....	7
Б қосымшасы.....	8
В қосымшасы.....	9

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫС БАСҚАРМАСЫНЫҢ МИССИЯСЫ

Академияның ғылыми, білім беру және ағарту қызметін ұйымдастыру және жүзеге асыру, сондай-ақ академияның ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында ғылыми қызметті тиімді дамыту және халықаралық академиялық ынтымақтастықты кеңейту үшін жағдайлар жасау, бәсекеге қабілетті және инновациялық білім беру мекемесін қалыптастыру.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «Bolashaq» Академиясы Ғылым және халықаралық байланыс басқармасының (бұдан әрі - Басқарма) мәртебесін, құрылымын, функцияларын, өкілеттіктері мен жауапкершілігін айқындайды.

1.2. Басқарма ғылыми жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректорға тікелей бағынатын дербес құрылымдық бөлімше болып табылады.

1.3. Басқарма өз қызметінде «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII Заңын, «Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысын, Академияның Жарғысын, ішкі нормативтік актілерді және осы Ережені басшылыққа алады.

2. МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Негізгі мақсаты - Академияның ғылыми, инновациялық және халықаралық қызметін үйлестіру және дамыту.

2.2. Негізгі міндеттері:

- Академияның кафедралары мен құрылымдық бөлімшелерінің іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ) ұйымдастыру, үйлестіру және сүйемелдеу;
- студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын (СҒЗЖ) дамыту және қолдау, конференциялар, конкурстар, ғылыми стартап-жобалар мен студенттік зерттеулерді жариялауды ұйымдастыру;
- ғылыми жобаларды іске асыру мәселелері бойынша кафедралар, ғылыми орталық және сыртқы әріптестер арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

 BOLASHAQ АКАДЕМИЯСЫ «Bolashaq» Академиясы	Сапа менеджменті жүйесі Ғылым және халықаралық байланыс басқармасының Ережесі	СМЖ Ж ҒЖХББ 123-2021 Нұсқа 01 Дата 2025.08.29. Бет 5 - 9
--	---	---

- халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту: келісімдер, меморандумдар дайындау және сүйемелдеу, гранттар мен желілік жобаларға қатысу;
- профессорлық-оқытушылық құрамның (ПОҚ) жариялау белсенділігін арттыру және мониторингтеу, жарияланымдарды ішкі рецензиялау мен жоспарлауды ұйымдастыру;
- ғылыми, оқу және әдістемелік материалдарды дайындау мен басып шығаруды үйлестіру;
- Академияның «Қазіргі заманның өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми журналын редакциялық сүйемелдеу;
- ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыруға және технологиялар трансфертіне жәрдемдесу;
- Академияның ғылыми инфрақұрылымын дамыту, Ғылыми зерттеулер орталығының қызметін қолдау;
- академиялық ұтқырлықты дамыту және халықаралық ынтымақтастықты нығайту мақсатында Академияның білім беру және ғылыми бағдарламаларына қатысуға халықаралық ғалымдар мен лекторларды тарту.

3. ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ШТАТ БІРЛІКТЕРІ

3.1 Басқарма құрамына мынадай лауазымдар кіреді:

- *Басқарманың Басшысы* – жалпы басшылықты, стратегиялық жоспарлауды, ректоратпен және сыртқы ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.
- *Ғылыми қызметкер* – зерттеулер жүргізу, жарияланымдар дайындау, конференцияларға қатысу, деректер базасымен жұмыс істеу.
- *Маман* – ұйымдастырушылық-техникалық қолдау, іс жүргізу, есептілікті жүргізу.

4. НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

- 4.1 Ғылыми және халықаралық қызметтің жылдық және перспективалық жоспарларын әзірлеу және іске асыру.
- 4.2 Ғылыми зерттеулер жобаларын дайындауды және сараптауды ұйымдастыру.
- 4.3 Гранттар, жарияланымдар бойынша есептілікті жүргізу.
- 4.4 ПОҚ-ның ұлттық және халықаралық ғылыми бағдарламаларға қатысуына жәрдемдесу.
- 4.5 Рейтингтер мен аккредиттеу үшін құжаттарды дайындау және сүйемелдеу.

 BOLASHAQ АКАДЕМИЯСЫ «Bolashaq» Академиясы	Сапа менеджменті жүйесі Ғылым және халықаралық байланыс басқармасының Ережесі	СМЖ Ж ҒЖХББ 123-2021 Нұсқа 01 Дата 2025.08.29. Бет 6 - 9
--	---	---

4.6 Академияның Ғылыми-техникалық кеңесімен, Ғылыми зерттеулер орталығымен, кафедраларымен және басқа да бөлімшелерімен қызметті үйлестіру.

4.7 «ҚЗММ» ғылыми журналын сапалы шығаруды қамтамасыз ету: нөмірлерді жоспарлау, рецензиялауды ұйымдастыру, халықаралық дерекқорларда ілгерілету.

5. ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

5.1 Басқарма құрылымдық бөлімшелерден міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

5.2 Басқарма жоспарлардың орындалуына, ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына және құжаттаманың сақталуына жауапты болады.

5.3 Қызметкерлер лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес міндеттердің сапалы және уақтылы орындалуына дербес жауапты болады.

6. ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1 Басқарманың қызметі ҒЖЖХБ жөніндегі проректор бекітетін жылдық жоспар бойынша жүзеге асырылады.

6.2 Жұмыс тобының отырыстары тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

6.3 Шешімдер Басқарманың қатысып отырған қызметкерлерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

7. ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ


7.1 Басқарма Ғылыми-техникалық кеңеспен, кафедралармен, кітапханамен, IT-орталықпен, сондай-ақ сыртқы ғылыми және білім беру ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

7.2 Редакциялық қызмет бөлігінде - халықаралық баспа платформаларымен, индекстеуші базалармен және рецензенттермен ынтымақтастық.

8. САҚТАУ ЖӘНЕ ӨЗГЕРТУ

8.1 Осы Ереженің түпнұсқасы кадр басқармасында сақталады.


8.2 Өзгерістер ҒЖЖХБ жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен енгізіледі.



СМЖ Ж ҒжХББ 123-2021
Нұсқа 01
Дата 2025.08.29.
Бет 7 - 9

Φ.1.01-01

[illegible]



Сапа менеджменті жүйесі
Ғылым және халықаралық байланыс
басқармасының Ережесі

Бет 8 - 9

Φ.1.01-02

Танысу парағы

[illegible]

В қосымшасы

Φ.1.01-03

Мерзімді тексерулерді есепке алу парағы

[illegible]